



Классикалық шахматтан 2025 жылғы Қазақстан Балалар кубогы Финалының РЕГЛАМЕНТІ

1. Мақсаттары мен міндеттері

1.1. Классикалық шахматтан 2025 жылғы Қазақстан Балалар кубогының Финалы (бұдан әрі – Финал) мына мақсаттарда өткізіледі:

- бозбалалар мен қыздар арасындағы 2025 жылғы Қазақстан Республикасы Кубогының жеңімпаздарын анықтау;
- Қазақстанда шахматты ілгерілету және кеңінен тарату, жастарды шахматпен айналысуға тарту;
- ресми халықаралық турнирлерге қатысу үшін ойыншыларды анықтау;
- Қазақстан шахматшыларының шеберлік деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарының тиісті тармақтарын орындау.

1.2. Финалдың міндеттері:

- турнирді халықаралық FIDE стандарттарына сәйкес ұйымдастыру және өткізу;
- қатысушылар арасында адал бәсекелестік болуына жағдай жасау;
- ҚР ең мықты жас шахматшыларын анықтау;
- чемпионатты БАҚ және әлеуметтік желілерде баяндау арқылы жастар арасында шахматқа қызығушылықты арттыру;
- Финалға іс жүзінде қатысу арқылы жаттықтырушылық және төрешілік біліктілік деңгейін арттыру.

2. Өтетін мерзімі және жері

2.1. Жарыс 2025 жылғы 04 желтоқсаннан (келу күні) 13 желтоқсанға дейін (кету күні) Алматы қаласында өтеді.

2.2. Өтетін жері: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 67, Dedeman Hotel

3. Жарысты ұйымдастыруға басшылық жасау

3.1. Жарысты өткізу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне, Қазақстан шахмат федерациясына және ҚШФ бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

3.2. Жарыстың бас төрешісі – ТБК тағайындауы бойынша.

4. Жарыс бойынша жалпы мәлімет

4.1. Финал нокаут жүйесі бойынша 16 шахматшының қатысуымен, 14 жасқа дейінгі бозбалалар мен қыздар арасында бөлек өткізіледі.

4.2. Классикалық партиялардағы уақыт бақылау: әр ойыншыға 1 сағат 30 минут + әр жасалған жүріс үшін 30 секунд.

4.3. Әр матчта екі партия ойналады (ақ және қара фигуралармен). Классикалық матч тең ойынмен аяқталған жағдайда екі партиядан тұратын қосымша матч өткізіледі, уақыт бақылау – 15 минут + әр жасалған жүріс үшін 10 секунд (рапид).

4.3.1. Рапид-матч тең ойынмен аяқталған жағдайда екі партиядан тұратын қосымша матч өткізіледі, уақыт бақылау – 3 минут + әр жүріс үшін 2 секунд (блиц).

4.3.2. Блиц-матч тең ойынмен аяқталған жағдайда «Армагеддон» ережесі бойынша бір партия өткізіледі.

4.4. Жеребе шахматшылардың 2025 жылғы 1 желтоқсандағы рейтингі бойынша өткізіледі. Ең жоғары рейтинг иесі 1-ші нөмірді алады, екінші рейтингтің иесіне 2-ші нөмір беріледі және т.с.с.

4.5. Турға 30 минуттан көп уақыт кешігіп келгені үшін жеңіліс тіркеледі, қарсыласына «+», ал кешігіп келгенге «-» қойылады.

4.6. Читинг-бақылау ФИДЕ Античитерлік ережелерінің талаптарына сәйкес стандартты қорғаныс деңгейінде қамтамасыз етіледі.

5. Жарысқа қатысушылар

5.1. Бозбалалар мен қыздар арасындағы Финалдың құрамына мынадай қатысушылар өтеді: 2025 жылғы кезеңдердің қорытындысы бойынша 14 жасқа дейінгі 10 қатысушы, 2025 жылғы кезеңдердің қорытындысы бойынша 10 жасқа дейінгі 5 қатысушы және 2024 жылғы Балалар кубогы финалының бір-бір жеңімпазы (бозбала және қыз) [№1 қосымша].

5.2. **Финалистер 2025 жылғы 21 қазанға дейін tournaments@kazchess.kz электрондық поштасына хат жіберіп және хаттың тақырыбына «Балалар кубогының финалына қатысуды растау» деген белгі қойып Финалға қатысатынын растауы керек.**

5.3. Финалистердің кез келгені қатысудан бас тартқан жағдайда турнирге қатысу құқығына 14 жасқа дейінгілер есебінде тиісінше 11, 12, 13-ші орын және 10 жасқа дейінгілер есебінде 6, 7, 8-ші орын алғандар ие болады.

5.4. Өтінім қабылдау аяқталғаннан кейін бос орындар болған жағдайда қалған бос орындарды Қазақстан шахмат федерациясының номинанттары толтырады. Қазақстан шахмат федерациясының номинанттары тізіміне ену үшін өтінім берудің соңғы мерзімі – 2025 жылғы 1 қараша. Өтінімдер tournaments@kazchess.kz электронды поштасына «ҚШФ номинанты болуға өтінім» деген белгімен жіберіледі.

6. Кесте*

Күн	Оқиға	Уақыт
04 желтоқсан	Келу күні. Аккредиттеу. Техникалық кеңес	12:00 -18:00 20:00
05 желтоқсан	Ашылу рәсімі. 1/8 финал – 1 партия	09:00-ден кеш емес және 9:30 Ашылғаннан кейін бірден
06 желтоқсан	1/8 финал – 2 партия	10:00
	Тай-брейк	16:00-18:00
07 желтоқсан	1/4 финал – 1 партия	10:00
08 желтоқсан	1/4 финал – 2 партия	10:00
	Тай-брейк	16:00-18:00
09 желтоқсан	1/2 финал – 1 партия	10:00
10 желтоқсан	1/2 финал – 2 партия	10:00
	Тай-брейк	16:00-18:00
11 желтоқсан	1-орын үшін матч – 1 партия 3-орын үшін матч – 1 партия	10:00
12 желтоқсан	1-орын үшін матч – 2 партия 3-орын үшін матч – 2 партия	10:00
	Тай-брейк	16:00-18:00
	Жабылу рәсімі	19:00
13 желтоқсан	Кету күні	

* Жарыс кестесін төрешілер алқасы түзетуі мүмкін. Жабылу рәсімінің уақыты 12 желтоқсанда тай-брейктердің аяқталу уақытына байланысты.

7. Марапаттау

7.1. 1-3-ші орын алған қатысушылар медальдармен, дипломдармен және ақшалай жүлделермен марапатталады. Қалған қатысушылар ақшалай жүлделермен марапатталады.

7.2. Барлық финалға қатысушылардың 2026 жылғы ҚР чемпионатына тиісті жас санатында қатысуға дербес құқығы бар.

7.3. Финалдардың жүлде қоры – 3 000 000 теңге.

7.4. Жүлделер бөлінбейді.

7.5. Жүлде қаражатына ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

7.6. Жүлдені төлеу спортшының заңды өкілінің есеп айырысу шотына сұралған құжаттар тапсырылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде теңгемен аудару жолымен жүзеге асырылады.

Бозбалалар арасындағы Қазақстан Кубогы Финалының жүлде қоры 1 500 000 теңге

1-ші орын	300 000 теңге
2-ші орын	200 000 теңге
3-ші орын	150 000 теңге
4-ші орын	130 000 теңге
1/4 қатысушылар (4 адам)	80 000 теңге
1/8 қатысушылар (8 адам)	50 000 теңге

Қыздар арасындағы Қазақстан Кубогы Финалының жүлде қоры 1 500 000 теңге

1-ші орын	300 000 теңге
2-ші орын	200 000 теңге
3-ші орын	150 000 теңге
4-ші орын	130 000 теңге
1/4 қатысушылар (4 адам)	80 000 теңге
1/8 қатысушылар (8 адам)	50 000 теңге

2025 жылғы ҚР Балалар кубогы Финалының екі жеңімпазы да (бозбала және қыз) бозбалалар мен қыздар арасындағы 2026 жылғы әлем чемпионаттарына қатысу құқығына ие болады.

2025 жылғы ҚР Балалар кубогы Финалының екі жеңімпазы да (бозбала және қыз) Кубоктың жас шеңберіне сәйкес келген жағдайда 2026 жылғы ҚР Балалар кубогының Финалына қатысу құқығына ие болады.

8. Қаржыландыру

8.1. Қазақстан шахмат федерациясы мынадай шығынды көтереді:

- 3 000 000 (үш миллион) теңге мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу;
- турнир партияларының онлайн интернет-трансляциясы;
- ұйымдастыру шығыны, соның ішінде: кеңсе тауарлары, көрнекі материал және басқа да баспа материалдары;
- финалистерді екі орындық (твин) тұрғын жаймен және тамақпен қамтамасыз ету.

8.2. Жарысқа қатысушылардың жол жүру шығынын сапарға жіберуші ұйымдар немесе финалистердің өздері көтереді.

9. Наразылық беру және оларды қарау тәртібі

9.1. Даулы мәселелерді шешу үшін техникалық кеңесте Апелляциялық комитет (АК) сайланады, оның құрамы: төраға, АК екі негізгі мүшесі + АК 2 қосалқы мүшесі.

9.2. Ойыншы тур аяқталғаннан кейін бір сағаттың ішінде 30 000 теңге мөлшеріндегі апелляциялық жарнаны төлеп, АК-ға жазбаша түрде апелляция беру арқылы төрешілер алқасының кез келген шешіміне наразылық білдіре алады.

9.3. Апелляциялық комитеттің шешімі түпкілікті болып табылады.

9.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық жарна толық мөлшерінде қайтарылады. Егер апелляция қанағаттандырылмаса, жарна қайтарылмайды.

10. Античитерлік шаралар

10.1. Жарыста Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Біреудің көмегін пайдаланатын қатысушы (читер) Античитерлік комиссияның шешімімен турнирден шығарылуы мүмкін. Античитерлік комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

10.2. Адал ойын қағидаларын бұзғаны ашылған ойыншыны Қазақстан шахмат федерациясы өткізетін турнирлерден одан әрі шығарып тастау туралы мәселе Қазақстан шахмат федерациясының Әдеп жөніндегі комиссиясының қарауына қойылады.

11. Қатысушылардың, алып жүретін адамдардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Қатысушылар ФИДЕ қағидаларына және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.

11.2. Партияны жазу барлық қатысушылар үшін міндетті.

11.3 Партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы төрешінің екі ескертуінен кейін жеңілді деп есептеледі. Егер бұл жағдай қайталанса, келесі партияда қатысушы жарыстан шығарылады.

11.4. Турнир өтетін кезеңде қатысушылар белгіленген дресс-код: жинақы casual стилін ұстануға міндетті (спорттық киім, кепка, шорт, спорттық футболка және т.б. киіп келуге рұқсат етілмейді).

11.5. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүретін адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.

11.6. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Кубокта болу құқығынан айырылады.

11.7. Кубокқа қатысушылардың:

– Апелляциялық комитетке жүгінуге (9-тармақты қараңыз);

– Турнир залында алғашқы медициналық көмек алуға құқығы бар.

11.8. ҚР АК 145-бабына сәйкес, ҚР АК 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ оның қызметін танымал ету мақсатында турнирге қатысушы федерацияға:

– федерацияның және/немесе ҚШФ атынан және/немесе оның мүддесіне әрекет ететін үшінші тұлғалардың турнирге қатысушының бейнесінің (фотосурет және/немесе бейнеролик), жарысқа қатысу барысының видео- және фототүсірілімін жасауға;

– жарыстың нәтижесінде алынған кескінді және/немесе басқа аудио-, видео-, фотоматериалдарды жариялауға, жаңғыртуға және таратуға келісімін береді. Қатысушы бұл келісімді белгіленбеген мерзімге өтеусіз береді және оның Ұйымдастырушыдан одан әрі қандай да бір түрдегі өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

12. Байланыс ақпараты

Турнир директоры: Есенов М. С.

Бас төреші: ТБК шешімі бойынша.

Хатшы: ТБК шешімі бойынша.

Турнир менеджері: Кішкембаева Әсем

Email: tournaments@kazchess.kz

Моб. +7 777 522 8983

2025 жылғы Қазақстан Балалар Кубогы финалистерінің құрамы

Бозбалалар

14 жасқа дейінгілер санаты

1. Ақылжан Мейірханұлы, 2024 жылғы Балалар кубогының жеңімпазы
2. Алтынбек Құсайын – 62 ұпай
3. Пайрави Кодир – 60 ұпай
4. Кирилл Бабкин – 51 ұпай
5. Нұрислам Айнақұл – 47 ұпай
6. Азамат Алмасұлы – 47 ұпай
7. Мақсат Байсалбеков – 42 ұпай
8. Жанболат Аманқос – 40 ұпай
9. Алдияр Жарас – 34 ұпай
10. Азат Әміреев – 31 ұпай
11. Ибрахим Бакыт – 29 ұпай

10 жасқа дейінгілер санаты

1. Әли Атнаш – 65 ұпай
2. Санжар Тұрдыбай – 49 ұпай
3. Диас Аманбек – 48 ұпай
4. Санжар Толбаев – 38 ұпай
5. Ералы Аман – 35 ұпай

Қыздар

14 жасқа дейінгілер санаты

1. Азель Төлекенова – 58 ұпай
2. Алуна Әубәкірова – 54 ұпай
3. Бибісара Ержан – 42 ұпай
4. Маргарита Поляк – 41 ұпай
5. Зейнеп Жаппар – 41 ұпай
6. Адия Мәмеш – 36 ұпай
7. Мунира Рау – 34 ұпай
8. Ксения Шегай – 34 ұпай
9. Дилайла Сәдуақасова – 30 ұпай
10. Медина Жакенова – 29 ұпай
11. Нурсая Жұмабек – 27 ұпай

10 жасқа дейінгілер санаты

1. Аделина Нұрханқызы – 71 ұпай
2. Інжу Әбиболла – 65 ұпай
3. Сымбат Жетпіс – 58 ұпай
4. Азалия Балақанова – 51 ұпай
5. Ақниет Күмісбай – 50 ұпай

Финалистер 2025 жылғы 21 қазанға дейін (қоса алғанда) tournaments@kazchess.kz электрондық поштасына хат жіберіп және хаттың тақырыбына «Балалар кубогының финалына қатысуды растау» деген белгі қойып Финалға қатысатынын растауы керек.

2025 жылғы ҚР Балалар кубогының жалпы есебі:

<https://kazchess.kz/news/obshchiy-zachet-detskogo-kubka-rk-2025>